№6 "Аққөгершін" бөбекжай балабақшасы

# Үй жануарлары

## (Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті)

Тәрбиеші:Оразтаева Д.Б

2024-2025

Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің тақырыбы: "Үй жануарлары"

**Мақсаты:** Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту. Олардың адамға тигізер пайдасын айту. Үй жануарларына байланысты жұмбақ, тақпақтар айтқызып сұрақ - жауап арқылы балалардың тілін, ойлау қабілеттерін дамыту. Үй жануарларына қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

**Білімділік:** Балаларға үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру, олардың пайдасы маңызы, туралы түсінік беру.
**Дамытушылық:** Олардың түрлерін бір – бірінен ажыратуға, айтқандай зейін қойып тыңдауға үйрету көзделіп үй жануарларына байланысты тақпақтар мен мақал мәтелдер айтқызу сұрақ – жауап, жұмбақ шешу арқылы тіл байлықтарын дамыту.
**Тәрбиелілік:** Жануарлардың бізге тигізер пайдасын айтып, үй жануарларына қамқорлық жасау.
**Әдіс - тәсілі:** Сұрақ - жауап, түсіндіру, көрсету,сергіту сәті.топтық жұмыс
**Қажетті көрнекілік құралдары:** Үй жануарларының суреттері.

Ашық сабақ барысы:

Тәрбиеші:
-Сәлеметсіздер ме балалар !
(Балалар амандасып алады)
Сергіту сәті
"Үй жануарлар" биі
Тәрбиеші:
- Балалар, қазір жылдың қай мезгілі?
- Қыс мезгілінде неше ай бар?
- Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?
- Сендер қыс мезгілінде қандай ойындар ойнайсыңдар?
- Өте жақсы. Жарайсыңдар!
- Балалар: сендер ауылда ата әжелеріңнін үйіне барғыларын келеме?

**Ауылға саяхатқа бару.**

- Жолда көңілді болу үшін «Қошақаным» әнін айтамыз. (шеңбер бойымен жүреді)
- Міне, балалар, біз ауылға келдік.
- Балалар, тыңдандаршы, нелердің даусы?
- Дұрыс айтасыңдар, балалар, осы сиыр, қойды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларына сонымен бірге жылқы, түйе, ешкі және ит пен мысық жатады. Мысық - ол үйде тұрады. Ал, ит үйдің сыртында, үйшікте тұрады. Ол үйді күзетеді. Ит - жеті қазынаның бірі.
- Балалар, сендерді ата - әжелерің қандай сөздермен еркелетеді?

Ауылда үй жануарлары тіршілік етеді.
- Қандай үй жануарларын білесіңдер.(балалар жауап береді).

Жануарлардың дауыстарын тыңдап, қай жануар екенін айтады, интерактивті тақтада сол жануардың суреті шығады слайд бойынша.
- Қане, мынау ненің дыбысы? ( балалар жауап береді, әрі қарай жалғастыру)

Балалар бізге тапсырма келіп тұр орындаймыз ба ?
Ендеше төрт топқа бөлінейік

**1-тапсырма**
"Бос орынды толықтыр"
Шарты : Балаларға үй жануарының суреті беріледі,сол берілген суретте дөңгелек бос орындар болады.Сол бос орындарды түстері бойынша сәйкестендіріп ермек сады жабсыру керек

**2- тапсырма**
Шарты :Балаларға қойдың суреті беріледі сол қойдың суретіне желімді жағып,үстіне мақтаны қойып,қойдың бейнесін 3д форматында жасу керек

**3- тапсырма**
Шарты: Балаларға мысық бейнесінің суреті беріледі,ол бейне қорапшаның ішінде жабсырылып тұрады сол сурет арқылы мысық тамақтадырады.

**4- тапсырма**

Шарты: Балаларға қорапша беріледі.ол қорапшада қойдың суреті болады және кішкентай тесіктер болады.Сол кішкентай тесіктердің орның таяқшалармен толықтырылады.

**Тәрбиеші:** Жарайсындар балалар барлық тапсырманы орындадындар

Шаршап қалған жоқсындар ма ?

Сергіту сәтін өткіземіз бе ?

“Бала,бала балапан” әні

- Қане, балалар ауылдан шығып, балабақшамызға барайық. Шеңбер бойымен жүріп,тақпағын айтады.

Біз ақылды баламыз
Айтқан тілді аламыз
Бүгінгі келген қонаққа
Сау болыңыз деп, айтамыз.







